

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 3, Number 39 (2017), 159 – 163

M. Zh. Pazyzbekov

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

**COMPARATIVE CALCULATION
OF THE VOLUME OF POACHING IN ALAKOL LAKE**

Abstract. No one does the study of poaching, with the exception of individual enthusiasts. State environmental authorities of the CIS countries are engaged in the fight against poaching using old methods, while the main thing is the number of protocols, not fight against this phenomenon. There is no elementary statistics: how many poachers delayed per year by various environmental authorities. No publicity, no analytical articles in the popular press, at best, limited to surface media stories from the event.

It creates a paradoxical situation: the people, who are obliged to fight against the violation of the law by their official duty, are at the forefront of offenders themselves. All this has a very demoralizing effect on our society, which does not have high moral and environmental rights and respect to the law.

Almost complete unpunished poachers are persons with post prosecutors, heads of police departments, judges, members of all ranks found guilty of poaching, they are virtually inaccessible to Themis. As for the rank poachers, their falling into the hands of inspectors is also very low.

Almost 20% of fish poachers are schoolchildren. It is no exaggeration to say that the almost all the rural population is engaged in fish poaching in varying degrees.

Only tough measures can reduce poaching. As an example it can be cited the Republic of Belarus, where the high fines and the creation of a strong environmental state inspection over the past 5 years have reduced the level of poaching almost 2 times.

Keywords: poacher, net, population, fish, reserve.

ӘОЖ 597

М. Ж. Пазылбеков

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**АЛАКӨЛ КӨЛІНДЕГІ БРАКОНЬЕРЛІК АУЛАУ КӨЛЕМІН
САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕСЕПТЕУ**

Аннотация. Браконьерлік аулауды жекелеген энтузиасттардан өзге ешкім зерттеумен айналыспайды.

Түйін сөздер: браконьер, ау, үйір, балық, қор.

Кіріспе. ТМД елдерінің мемлекеттік табиғат қорғау органдары браконьерлікпен күресті әлі де көздерін байлаулы күйінде ескі әдіспен айналысады, яғни олар үшін маңыздысы болып жатқан құбылыспен күрес емес толтырылған хаттама саны маңыздырақ. Ең қарапайымы әдеттегі: жылына табиғатты қорғау органдарымен қанша браконьер ұсталатыны туралы жүйелі мәліметтің де көңілге күдік туғызады. Тура мағынасында «Қаймақ жеген құтылып, қаспақ жеген тұтылуда» деуге болады. Жаппай басылымда және бұқаралық ақпарат құралдарында осы туралы аналитикалық мақалалардың басылмауы, тек оқиға орын алғаны туралы үстіртін ғана айтылуда.

Балық басынан шіриді дегендей, өзінің қызметтік міндеті бойынша кейбір адамдар заң бұзушылармен күресудің орнына олар солардың алдыңғы қатарынан табылуда, сондықтан кереғар жағдай туып отыр. Онсызда экологиялық этикеті аз біздің қоғамға өзінің кері ықпалын тигізуде.

Балықшы браконьерлердің 20% жуығы негізінен кәмелет жасқа толмаған жастар. Егерде су алабы маңындағы ауылдық елді-мекендегі тұрғындардың қай деңгейде болмасын барлығына жуығы браконьерлік балық аулаумен айналысады десек артық айтылған болмас.

Браконьерлік аулауды тек қатаң шаралар ғана төмендеті алады. Мысалға келтірсек, Беларусьта мықты табиғат қорғау инспекциясын құрып және салынатын айыппұл көлемін көтеру арқылы соңғы 5 жылда браконьерлік аулау көлемі 2 есеге азайтқан.

Бүгінгі таңда еліміздегі балық шаруашылығына орасан зор зиянын тигізіп отырған факторлардың бірі – браконьерлік (заңсыз) балық аулау болып отыр. Оның қаншалықты көлемде тигізетін зиянын ешкім дөп басып айта алмайды. Ең сорақысы браконьерлік аулау көктемгі балықтардың уылдырық шашу кезінде тыйым салу маусымында қарқынды белең алып, балық үйірінің алдағы қалыптасатын қорына қайтарымсыз үлкен шығынға ұшыратады. Себебі осы кезде уылдырығын шашуға көптеген балықтардың ересек дарақтары жағаға жақындайды. «Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ берген мәлімет бойынша Алакөл көлдер жүйесінде 2015 жылдың балық аулауға тыйым салынған кезеңінде балық аулау бойынша 11 заң бұзушылық фактілері тіркелген. Нәтижесінде 3018,1 кг балық тәжіленген.

Алакөл көлдер жүйесінде бүгінде кәсіптік тұрғыдан 5 түрлі балық: алабұға, көксерке, торта, мөңке, тыран ауланады, ал сазан қорының азайып кетуіне байланысты кәсіптік игеруге тыйым салынған.

Жоғарыда келтірілген кәсіптік балықтардың көктемгі уылдырық шашуына қолайлы жағдай жасау үшін 10 сәуірден 1 маусымға дейін Алакөл көлдер жүйесінде балық аулауға тыйым салынған [1]. Әрбір балықтың биологиялық ерекшелігі ескеріліп, белгіленген тыйым салу кезеңінде кәсіптік балықтардың барлығы уылдырығын шашып үлгереді.

Алакөл көлдер жүйесі жағдайында браконьерлердің негізгі аулау құралдары моножіптен (лескадан) жасалған арзан құрма аулар. Бұл ауларды пайдаланудың ерекшелігі қолайсыз ауа райында құруға оңай, су қабатында көзге көрінбейді, балық аулау коэффициенті жоғары, салмағы жеңіл, бағасы арзан т.с.с. тиімді жақтары көп. Олар ауларын судың терең қабатына құрып заманауи GPS құрылғысымен орнын белгілеп еш қиындықсыз керек уақытында тауып алады. Көктемде су температурасы салқын болғандықтан ауға түскен балықтар біраз күнге дейін бұзылмай сақталады. Алакөл көлдер жүйесі екі облыстың арасында біршама үлкен ауданды алып жатқандықтан, сонымен қатар, саусақпен санарлық балық қорғау инспекторы бар Алакөл балық инспекциясы осыншама территорияны игеруі іс жүзінде мүмкін емесі анық. Осы келтірілген факторлардың барлығы дерлік браконьерлер үшін қолайлы жағдай туғызуда.

Мақалада браконьерлік аулау көлемін салыстырмалы түрде есептеуге «ҚазБШҒЗИ» ЖШС ихтиология зертханасының мамандары тыйым салу кезеңінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін болғандықтан, зерттеу аулауының мәліметтері негізге алынған [2].

Мысалы, Егерде, бір браконьер шартты түрде ұзындығы 1 км ауды құратын болса, оның тәулігіне шамамен қанша балық аулайтынын есептеп шығаруға болады.

Төменде кестеде келтірілген мәндерді пайдаланып қарапайым арифметикамен шығаруға болады.

Алакөл көлінің солтүстік кәсіптік ауданындағы көксеркені есептеп көрсек: стандартты 25 м 1 ғылыми-зерттеу ауына тәулігіне 2,7 кг көксерке ауланады (1-кесте), ал 1 км ауға 108 кг көксерке ауланатын белгілі.

Солтүстік кәсіптік ауданда:

$$25 \text{ м} * 40 = 1000 \text{ м}, \text{ ал } 2,7 \text{ кг} * 40 = 108 \text{ кг көксерке ауланады.}$$

Батыс кәсіптік ауданда:

$$25 \text{ м} * 40 = 1000 \text{ м}, \text{ ал } 1,0 \text{ кг} * 40 = 40 \text{ кг көксерке ауланады.}$$

Осы ретпен өзге де балықтарды есептеп шығаруға болады (2-кесте).

Сонымен, көктемгі балықтардың уылдырық шашу маусымында бір ғана адамның заңсыз балық аулауы Алакөл көлі жағдайында кәсіптік балық қорына қаншалықты орасан зиян келтіретінін көрін отырмыз. Бұл келтірілген зияндылық тек кәсіптік өлшемге жеткен балықтарға ғана емес, келешекте соның орнын толтыратын ұрпағына тікелей әсерін тигізуде. Себебі, көктемде

1-кесте – Алакөл көліндегі 2013 ж. көктемгі ғылыми-зерттеу аулауының балық өнімділігі

Балық түрі	3 күндік ғылыми-зерттеу аулауы, кг	Орташа тәуліктік аулау, кг	25 м 1 аудын орташа балық өнімділігі, кг/ау	3 күндік ғылыми-зерттеу аулауы, кг	Орташа тәуліктік аулау, кг	25 м 1 аудын орташа балық өнімділігі, кг/ау
	Солтүстік кәсіптік аудан			Батыс кәсіптік аудан		
Көксерке	24,3	8,1	2,7	9,3	3,1	1,0
Тыран	11	3,7	1,2	6,1	2,0	0,7
Сазан	14,9	5,0	1,7	5,7	1,9	0,6
Мөңке	1,2	0,4	0,1	1,3	0,4	0,1
Алабұға	17,9	6,0	2,0	34,8	11,6	3,9
Барлығы:	69,3	23,1	7,7	57,2	19,1	6,4

Нұсқаулық: Есепке ғылыми-зерттеу аулау құралының көздері 30-50 мм 3 ау алынған.

2-кесте – Браконьерлік аудын 1 км ұзындығына балық аулау өнімділігі

Балық түрі	25 м 1 аудын орташа балық өнімділігі, кг/ау	25 м * 40	Браконьерлік аулау, кг/ау	25 м 1 аудын орташа балық өнімділігі, кг/ау	25 м * 40	Браконьерлік аулау, кг/ау
	Солтүстік кәсіптік аудан			Батыс кәсіптік аудан		
Көксерке	2,7	40	108,0	1,0	40	40,0
Тыран	1,2	40	48,0	0,7	40	28,0
Сазан	1,7	40	68,0	0,6	40	24,0
Мөңке	0,1	40	4,0	0,1	40	4,0
Алабұға	2,0	40	80,0	3,9	40	156,0
Барлығы:	7,7	40	308,0	6,4	40	256,0

Нұсқаулық: Есепке ғылыми-зерттеу аулау құралының көздері 30-50 мм аулары алынған.

3-кесте – Алакөл көлі бойынша кәсіптік балық түрлерінің жыныстық жетілуінің ара қатынасы, %-бен

Жынысы	Көксерке	Тыран	Сазан	Мөңке	Алабұға
Аналық	52,9	55,9	45,6	85,8	68,6
Аталық	38,7	41,1	54,4	13,3	31,2
Ювенальді	8,4	3,0	–	0,9	0,2
Саны, дана	155	462	79	232	3854

балықтардың ересек дарақтары уылдырығын шашуға топтанып жағаға жақын маңда шоғырланады. Ауланған балықтардың 45,6-85,8% құрсағында уылдырығы бар аналық болған жайда келтірілген зияндылықты айтпасада түсінікті болар (3-кесте).

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін еліміздің негізгі балық шаруашылық су айдындары іс-жүзінде қараусыз қалды. Күйзеліс белең алған жылдары өзен-көлдің жағалауында тұрған адамдардың негізгі тіршілігі тек осы балықпен тікелей байланысты болғандықтан, су айдындарына кәсіпшілік қысымның шамадан тыс артуы ондағы балық қорының азаюына әкелін соқтырды. Сонымен қатар, өзен арналарын тазалау, тереңдету және балық өнімділігін арттыру мақсатында қолдан балық отырғызу жұмыстары қажетті деңгейде жүргізілмеуі де әсерін тигізді.

Заңсыз балық аулау арқылы ел қазынасына келтірілетін зиян көлемін қаражат бірлігіне ауыстырудың екі жолын төменде қарастырсақ.

Бірінші жағдайда, бір браконьердің тәулігіне ұзындығы 1 км аумақ аулаған балығының құнын есептеу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес төменде 4-кесте келтірілген [3]. 2015 ж. сәйкес айлық есептік (АЕК) көрсеткішке балықтың 1 кг салмағына бекітілген құнына көбейту арқылы бағасын шығарып аламыз (көксерке мен сазанға - 0,013, ал тыран, мөңке, алабұға - 0,004 АЕК бөлігі). Мысалы: көксеркенің 1 кг есептеп көрсек $1982 \text{ тғ} * 0,013 = 25,8 \text{ тғ}$.

4-кесте – Алакөл көлі жағдайында бір браконьердің ұзындығы 1 км ау құру арқылы орташа тәуліктік әкелетін шығын көлемі

Балық түрі	Браконьерлік аулаудың орташа мәні, 1 км ауға кг	Бекітілген құны, теңге	Шығын сомасы, теңге
Көксерке	74,0	25,8	1909,2
Тыран	38,0	7,9	300,2
Сазан	46,0	25,8	1186,8
Мөңке	4,0	7,9	31,6
Алабұға	118,0	7,9	932,2
Барлығы:	282,0	–	4360,0

Екінші жағдайда, бір браконьердің тәулігіне ұзындығы 1 км аумақ заңсыз аулаған балығы үшін «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану» туралы заңына сәйкес заң бұзушылық орын алғанда салынатын айыппұл көлемін есептеу кесте 5 келтірілген.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 154 бұйрығымен бекітілген «Балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеудің орнын толтыру әдістемесінің» Қосымша 5 сәйкес салынатын өтеуді анықтап аламыз [4]. Өтеу құны 1 кг үшін көксерке мен сазанға - 0,3, ал тыран, мөңке, алабұға - 0,1 АЕК бөлігі. 2015 ж. айлық есептік (АЕК) көрсеткішіне ауланған балық түрінің 1 кг салмағына бекітілген құнына көбейту арқылы шығын сомасын анықтаймыз (5-кесте). Мысалы: көксеркенің 1 кг салынатын айыппұл көлемін есептеп көрсек $1982 \text{ тғ} * 0,3 = 594,6 \text{ тғ}$, ары қарай $74,0 \text{ кг}$ көбейту арқылы шығын сомасын $44000,4 \text{ тғ}$ шығарамыз.

5-кесте – Алакөл көлі жағдайында бір браконьердің ұзындығы 1 км ау құру арқылы орташа тәуліктік әкелетін шығын көлемі

Балық түрі	Браконьерлік аулаудың орташа мәні, 1 км ауға кг	Айыппұл құны, теңге	Шығын сомасы, теңге
Көксерке	74,0	594,6	44000,4
Тыран	38,0	198,2	7531,6
Сазан	46,0	594,6	27351,6
Мөңке	4,0	198,2	792,8
Алабұға	118,0	198,2	23387,6
Барлығы:	282,0	–	103064,0

Сонымен, браконьерлік кәсіп қай жағынан алып қарасақта заң тұрғысынан, адами және балықшы этикеті тұрғысынан болсын дұрыс емес екені баршаға аян. Браконьерлік дегеніміз заңға қайшы әрекет, ал заң шеңберінен тыс жасалатын дүниенің барлығы қылмыс болғандықтан, оның өтеуі – жаза.

Балықтардың уылдырық шашу, яғни көктемгі маусымда заңсыз жолмен балық аулауды болдырмауға бірқатар ұсыныстар:

- Заңсыз балық аулаушыларға қолданылатын жазаны қатаңдату қажет;
- Айыппұл көлемін ұлғайту керек;
- Жергілікті қадағалаушы балық инспекторларының жұмысын күшейту керек;
- Балық қабылдау пунктерін уылдырық шашу кезеңінде балықты қабылдамауды бақылауға алу қажет;
- Жергілікті халық арасында үгіт-насихат және түсіндіру шараларын қолға алу керек.

Қорытынды. Қорыта келе айтар болсақ, әрбір балықшы бүгінгі шашылған уылдырық ертеңгі ауланатын балық екенін түсінгені абзал.

Автор осы мақалаға негіз болған мәліметтерді жинауға атсалысқан «ҚазБШҒЗИ» ихтиология зертханасының мамандарына: аға ғылыми қызметкер Даныко Е.К., ғылыми қызметкер Сансызбаев Е.Т., кіші ғылыми қызметкер Елшибекова А.М. және лаборант Исаков А.Б. алғысын білдіреді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000303>

[2] Балқаш-Алакөл бассейніндегі халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және ондағы балық ауланатын учаскелердің балық өнімділігін анықтау, рұқсат етілетін жалпы балықтың ауланатын мөлшеріне (РЕЖБАМ) биологиялық негіздемелер жасау және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде 2015 жылға ұсыныстар беру. Бөлім: Алакөл жүйесіндегі көлдер. «ҚазБШГЗИ» ЖШС ҒЗЖ Есебі. Алматы, 2013, Б. 139.

[3] "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Салық кодексі 2008 ж. 10 желтоқсанындағы № 100-IV http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000100_

[4] «Балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеудің орнын толтыру әдістемесі» <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008532#header>

REFERENCES

[1] Balykh resurstary men baskha da su zhanuarlaryn, olardyng bolikteri men derivattaryn pajdalanuga shekteu men tyjym salu <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000303>

[2] Balkhash-Alakol bassejindegi halykharalykh, respublikalykh zhəne zhergilikti mangyzy bar balykh sharuashylygy su ajdyndarynyng zhəne ondagy balykh aulanatyn uchastkelerding balykh onimdiligin anykhtau, rukhsat etiletin zhalpy balykhtyng aulanatyn molsherine (REZhBAM) biologijalykh negizdemeler zhasau zhəne balykh aulau erezhesi men tartibin retteu zhoninde 2015 zhyлга usynystar беру. Bolim: Alakol zhujesindegi kolder. «KhazBShGZI» ZhShS GZZh Esebi Almaty, 2013, p. 139.

[3] "Salykh zhəne bjudzhetke tolenetin baskha da mindetti tolemler turaly" Khazakhstan Respublikasynyng Salykh kodeksi 2008 zh. 10 zheltoqsanyndagy №100-IV http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000100_

[4] «Balykh resurstaryna keltiriletin zhəne keltirilgen, onyng ishinde bolmaj khojmajtyn zijandy oteuding ornyn tolytru adistemesi» <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008532#header>

М. Ж. Пазылбеков

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ РАСЧЕТ ОБЪЕМА БРАКОНЬЕРСКОГО ЛОВА
НА ОЗЕРЕ АЛАКОЛЬ

Аннотация. Изучением браконьерства, за исключением отдельных энтузиастов, никто не занимается. Государственные природоохранные органы стран СНГ борьбой с браконьерством занимаются по старинке, с завязанными глазами, когда главное – количество составленных протоколов, а не борьба с явлением. Нет самого элементарного – обыкновенной статистики: сколько в год теми или иными природоохранными органами задерживается браконьеров. Нет гласности, нет аналитических статей в массовой печати, в лучшем случае СМИ ограничиваются поверхностными рассказами с места событий.

Создается парадоксальная ситуация: люди, которые по своему служебному долгу обязаны бороться с нарушением закона, сами стоят в первых рядах правонарушителей. Все это очень разлагающе действует на наше общество, и так не имеющее высокой экологической морали и не уважающее право.

Практически полная безнаказанность браконьеров это лица, имеющие должность прокуроров, руководителей отделов полиции, судей, депутаты всех рангов, виновные в браконьерстве, являются практически недосыгаемыми для Фемиды. Что касается рядовых браконьеров, то их вероятность попасть в руки инспекторов также очень низка.

Почти 20% рыбных браконьеров составляют школьники. Не будет преувеличением сказать, что рыбным браконьерством в той или иной степени занимается практически все сельское население.

Только жесткие меры могут снизить уровень браконьерства. В качестве примера можно привести Беларусь, где высокие штрафы и создание мощной природоохранной госинспекции за последние 5 лет снизили уровень браконьерства почти в 2 раза.

Ключевые слова: браконьер, сеть, популяция, рыба, запас.